

подстиль, и он может варьироваться от газетных рубрик «историческая/техническая справка» или «это интересно» до научно-популярных книг, близких по формату и содержанию к учебникам (научно-учебному стилю).

Сфера применения научного стиля очень широка. Это один из стилей, оказывающий сильное и разностороннее влияние на литературный язык. Совершающаяся на наших глазах научно-техническая революция вводит во всеобщее употребление огромное количество терминов. *Компьютер, дисплей, экология, стратосфера, солнечный ветер* — эти и многие другие термины перешли со страниц специальных изданий в повседневный обиход. Если раньше толковые словари составлялись на основе языка художественной литературы и в меньшей степени публицистики, то сейчас описание развитых языков мира невозможно без учета научного стиля и его роли в жизни общества. Достаточно сказать, что из 600 000 слов авторитетнейшего английского словаря Уэбстера (Вебстера) 500 000 составляет специальная лексика[5].

Широкое и интенсивное развитие научно-технического стиля привело к формированию в его рамках многочисленных жанров, таких, как: статья, монография, учебник, патентное описание (описание изобретения), реферат, аннотация, документация, каталог, справочник, спецификация, инструкция, реклама (имеющая признаки и публицистического стиля). Каждому жанру присущи свои индивидуально-стилевые черты, однако они не нарушают единство научно-технического стиля, наследуя его общие признаки и особенности. Таким образом, быстрое развитие общества, стремительный прогресс науки и техники вызывают потребность в формировании специального языка, наилучшим образом приспособленного для выражения и передачи научного языка, где и проявляется мастерство журналиста.

Литература

1. Стилистический энциклопедический словарь русского языка. — М.: "Флинта", "Наука". Под редакцией М.Н. Кожинной. 2003.
2. Рэндалл Д. Универсальный журналист. СПб., 1998.
3. Сенкевич М.П. Культура телевизионной и радиоречи. — М., 1994
4. Лазарева Э.А. Язык электронных СМИ в коммуникативном аспекте // Публицистика и информация в современном обществе. — М., 2000
5. Бойкова Н.Г., Беззубов А.Н., Коньков В.И. Публицистический стиль. — СПб, 1999

ТАРИХИ ЖЫРЛАРДАҒЫ ЖАНҚОЖА БАТЫР БЕЙНЕСІ

Нукарбан Бексултан, Сулейман Демирель атындағы университет

Түйін. Бұл мақалада қазақ тарихындағы айтулы тұлғалардың бірі Жанқожа батырдың басты үш тарихи жырлардағы болмысы, кісілік келбеті мен ерлік жорықтарындағы бітімгершілік қасиеттерін жан-жақты талдаумен баяндауға негізделген.

Аннотация. В данной статье разъясняется исторический образ, личностные и общечеловеческие качества Жанкожа батыра, одного из выдающегося героя казахского народа, путем изучения и анализа трех сложенных сказании в период исторического существования батыра.

Abstract. The research focuses on one of the main historic figures in Kazakh history Zhankoja batyr and tries to show his representation, moral qualities, appearance and undeveloped personal traits shown in historic events he participated by analyzing 3 main historical songs.

Кілт сөздер: Жанқожа батыр, тарихи жырлар, жырау, толғау, тарихи көркем бейне.

Жанқожа батыр – 1856-1857 жылдары Арал өңіріндегі қазақтардың Хиуа және Ресей отаршылдығына қарсы азаттық күресін басқарған аса ірі тарихи тұлға.

Ол Сыр бойында Қарақұмда, Ырғыз бен Електің бойында көшіп-қонып жүрген Киікбай мен Тама руынан шыққан Есет батырдың апасы Тәже атты әйелінен туған Нұрымбет батырдың баласы. Анасы – ертеректе Жаңадарияда тұрған қарақалпақ қызы. Тарихшыларымыздың деректеріне қарағанда, ол 1774 жылы туып, 1860 жылы қайтыс болған деседі. Батыр бала кезінен өзінің зор күш иесі екендігін байқатқан. Ал жас шамасы он беске толғанда, жеткіншекке сай емес күш, батылдылық пен табандылық танытқан. Ол өзінің жақын туысы Есенбектің аты мен түйесін алып кеткені үшін, сол кезде қазақтарды басқарған Қылышбайды айбалтамен ұрып, жазалаған. Баласының бұл қылығына ашуланған әкесі Нұрымбет, оны Қылышбай батырдың алдына апарды. Алайда батыр балаға тимеуді өтінеді. Себебі ол өзін шын мәнінде кінәлі санаған еді. Бұл оқиға Жанқожа батырдың дала қаһарманы ретіндегі өмірінің басталуы еді.

Алаш тарихшысы М.Тынышбаев Жанқожа Нұрмұхаммедұлын «Үш жүзге даңқы жайылған батыр» деп бағалайды. Сондай-ақ тарихшының «Жанқожа Үш жүздің ең атақты батыр-билерінің бірінен саналады. Ол қазақ тәуелсіздігі үшін күрескер ретінде орысты да, хиуалықтарды да, қоқандықтарды да, тіпті хандардың өзін де мойындаған жоқ» деген мінездемесі де Жанқожа батырдың өр тұлғасын айғақтай түседі.

Жанқожа Нұрмұхаммедұлы бастаған ұлт-азаттық көтерілістің мән-жайы туралы құнды мәліметтерді қазіргі тарихшыларымыз сол кезеңдегі тарихи және саяси ахуалды баяндаған И.В.Аничков, Н.Веселовский еңбектері, Э.Мейер, Н.Маев, А.И.Макшеев, П.Иванов жазбаларынан алады, соларға сүйенеді.

Ал біз бүкіл өмірін туған халқының азаттығы мен бостандығы жолындағы күреске арнаған Жанқожа батырдың тұлғасын тарихи-ғылыми еңбектерден бөлек, тарихи жырлардағы батыр келбетінен де тани аламыз.

Жанқожа батыр жайында 10-нан (12 мың жол) аса тарихи жыр-дастандар шығарылып, ел арасына кең таралған. Солардың арасында Мұсабай, Лұқпан, Жөкей сынды ақын-жыраулардың туындыларын ерекше атаймыз.

Алаш жұртының арын арлап, елдік туын көкке көтерген Ұлт-азаттық көтерілісінің қаһарманы Жанқожа Нұрмұхаммедұлы туралы әр кезеңде жазылған көркем шығармалар аз емес.. Әйтсе де біртуар батырдың барша болмысы мен кісілік келбеті, ерлікті жорықтары мен елдікті сақтаған бітімгершілік қасиеттерін сөз ететін тарихи жырлардың орны бір төбе.

Жанқожа батыр туралы өлеңмен жазылған шығармаларды тарихи жырлар деп алып, бізге жеткен мұралардың ішінен Мұсабай жыраудың «Жанқожа батырдың толғауы», Жөкей Шаңғытбайұлы жырлаған «Жанқожа батыр мен Бабажан сарт», Лұқпан Кенжеұлы жырлаған «Жанқожа батыр» шығармасын қарастырамыз.

Мұсабай жыраудың «Жанқожа батырдың толғауы» атты қырық үш шумақтық жырын 1894 жылы И.В. Аничков алғаш рет Қазан университетінің хабарлары мен сол жылғы С.Петербургте Н. Веселовский шығарған жинақта қазақ, орыс тілдерінде жарияланғаны мәлім. Кейін осы мәтіннің қазақ тіліндегі нұсқасы сол қалпында 1926 жылы «Жаңа мектеп» журналының 5-санында басылғаны да белгілі. Мұның сыртында Мұсабай жыраудың Жанқожа жайлы толғауы біраз қысқартылып, ықшамдалған нұсқада Қазақстан Ғылым академиясының Орталық ғылыми кітапханасында қолжазба күйінде сақталған. Осы шығарма жайлы алғаш пікір білдірушілердің бірі академик С.Мұқанов былай дейді: «Бұл жырдың маңызы: оқиғасы бытыраңқы, өлеңі олақ, сөзі жасық болғанмен Жанқожаның кім екендігі туралы, оның қайратты ісі туралы оқушыға көп әсер қалдырады» /1,111 б./. Жырдың бұл нұсқасы «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы аясында жарық көрген «Бабалар сөзінің» 62-томында берілген.

Мұсабай жыраудың «Жанқожа батырдың толғауы» – батыр өлгеннен кейін ел үшін өмірін сарп еткен ардагер азаматтың бейнесін халықтың есінде қалдыру мақсатында дүниеге келген. Жыр Жанқожа батырдың ата-тек шежіресін баяндаудан басталады. Жырда негізгі екі оқиға жырланады:

1) Жанқожа бастаған Сыр бойы егіншілерінің Хиуа хандығы мен Ресей отарлаушыларына қарсы күресі.

2) Батырдың өлімі.

Мұсабай жырау жырындағы Бабажан сарт – Жанқожа жайлы халықтың тарихи жырларында ең көп кездесетін кейіпкер. Мұсабай жырында Жанқожаның Бабажанды жазалайтыны бастан-аяқ баяндалмаса да батырдың ерлігіне былайша тоқталып өтеді:

Қазаққа сарт та қылды үлкендікті,
Көрмедік Жәкең барда еш кемдікті.
Қаласын Бабажанның бұзып алып,
Қазаққа алып берді бір теңдікті /2, 12 б./.

Тарихи деректерге сүйенсек, 1860 жылдың басында Сырдария линиясының бастығы генерал-лейтенант Дебуден Бөрі сұлтанның барымташыларын жазалауға рұқсат алып, сол жолы Дауқарада отырған Жанқожа ауылын 600 адаммен келіп шабады. Сөйтіп, бүкіл қазақ сыйлайтын батырды мерт етеді. Осы 1860 жылғы Дауқара мен Қызылқұм шабуылын Мұсабай жырау жырда өзек еткенде, әсіресе үш мәселеге көңіл бөлген. Олар:

Біріншіден, жырау мұнда батырдың жау келіп жатқанда намазынан тұрып кетпегендігін, сол арқылы оның еш нәрседен қорықпайтын нағыз ер екенін көрсеткен.

Екіншіден, Жанқожа ауылға жау шапқанда олардың шақырған ұрандарына сеніп мерт болғандығын айту арқылы, руласы Елекейдің опасыздығын көрсетеді.

Үшіншіден, батыр өліміне кінәлі Елекей мен ол билеген шөмекейлерді айту арқылы сол замандағы ел арасы татулығы туралы жайттан да хабардар етеді.

Жалпы, Мұсабай жырау елінің береkesін қашырған Елекей хан мен Бабажан бек секілді әр түрлі ел билеген пасықтардың, орыс отарлаушылардың халыққа қас қылықтарын әшкерелей отырып, қарадан шыққан ел қамқоры Жанқожа батырдың ерлігін дәріптейді.

Жанқожа батыр туралы тарихи жырлардың бірі – «Жанқожа батыр мен Бабажан сарт». Бұл – Жөкей Шаңғытбайұлы нұсқасы. Бұл дастанда Жанқожаның кескін-келбеті, айбары ерекше сипатталады. Жанқожа батырдың әділдігі, өз халқын қорғап, егескен жауын еңірете жеңіп отыратындығы, хан төрелерімен қарсы болып, олардың айдауына ермегендігі, яғни, батырдың осындай қасиеттері жырда ерекше шабытпен суреттелген.

Одан әрі жырда Қоқанның бегі Бабажан сарттың озбырлықтарын, халыққа көрсеткен зәбірін сипаттайды. Бабажан бастаған Қоқан хандығының ұры-қарылары Арқадан ауып, Сыр бойындағы Шекті руының малын талап, Ақмырза секілді ардагер азаматының мойнына тас байлап, Сырдың суына тастағанда, алыс ағайының арасында жүрген Жанқожа батыр ағасы Ақмырзаның қайғылы қазасын естиді. Сырдағы ел-жұртының, ағайын-туғандарының азапта, қорлауда екенін, оларға Қоқан бегі Бабажанның зорлық-зомбылық жасап, ойына келгенін істеп жатқанынан хабардар болады. Оған қарсы өшпенділікпен соғыспақшы болып аттанады. Сөйтіп, Бабажанның қазаққа жасаған шектен тыс озбырлығы мен қиянатын көріп, оған Жанқожаның тыныш қарап отыра алмайтынын да сеземіз. Бұл көрініс те жырда былайша өрнек тапқан:

...Жұрт жүдеді деген соң,
Қоқандардан жерімді,
Бабажаннан кегімді,
Алайын деп ойлады...
Жанқожа батыр қол басы,
Өңкей көкжал арасы,
Шашақты найза ту алып,
Бір жеңнен қол шығарып,
Атқан қонды ауыр қол,
Жанкентке қарап қозғалды.
Жер қайысқан қалың қол
Тәуекел етіп жүрді жол /2,159 б./.

Жанқожа батырдың Бабажанды тас-талқан етіп жеңіп, қамалын қиратып, Бабажанды, баласы Қарабек екеуін халық қолына бергендігі, олардың тиісті жазасын алуы, халықтың Жанқожа

батырдың арқасында қоқандықтарды өз жерінен қуып, олардан кектерін алуы барынша шынайы баяндалған, көркем тілмен жеткізілген.

Батыр туралы кеңес дәуірінде алғашқы жырлаушылардың бірі Лұқпан Кенжеұлының «Жанқожа батыр» деп аталатын жыры батыр туралы тарихи жырлардың ең таңдаулыларының бірі және бұрын-соңды зерттелмегені де.

Бұл дастанда Жанқожа батырдың он жеті жасында Жаңадария бойында Тықы батырдың қаласын бұзып, өзін өлтіргендігі туралы жырланады. Жас батыр Жанқожаның алғашқы жекпе-жегін оның батырлық бейнесін, қимыл-әрекетін Лұқпан шынайы суреттеген. Одан әрі жас батырдың қамал бұзып, қарақалпақтардан қазақтың кегін алып берген ерлігіне сүйсінген Дабыл батыр Жанқожаға батасын берген екен. Жырда:

Алаштың басқа ерлері
Тықыға қарсы бармады.
Сол Тықыны өлтіріп,
Ортаға салды олжаны.
Осы бала ер жетсе,
Ұрыстың болар палуаны /2,21 б./–

деп бағалауы да болашақ батырдың талай істі тындырырынан хабардар етіп тұрғандай. Расында да жырда көп ұзамай Жанқожа ел арасында даңқы шыға бастайды. Ол жырда былай суреттеледі:

Жанқожа батыр ел болды,
Ел ішінде бір болды.
Аңдып жүрген дұшпанның
Жүрегінде шер болды.
...Атағы шығып аспанға,
Күннен-күнге зор болды /2,22 б./

Лұқпан нұсқасында Жанқожаның қарақалпақ Тықыдан кейін Хиуа бегі Бабажан сарт, түрікмен Әйімбет батырды жеңіп, Жанкент, Қазалы төңірегін жаудан тазартумен бірге Сырдың ортаңғы бөлігіндегі Созақ, Қосқорған, Сайрам қамалдарын қиратып, жергілікті қазақтарды Қоқан езгісінен құтқарған жанкешті жорықтары өте әсерлі жырланған. Мұнда жыршы, әсіресе, Жанқожаның түрікмен Әйімбет батырмен жекпе-жегіне және батырдың Кенесары ханмен бірлесіп Созақ бекінісін алу кезіндегі ерлік істеріне ерекше тоқталып, соғыс суретін барынша қызықты әрі шебер тілмен асқақ эпикалық екпінде сомдаған.

Ерегісіп келгенде,
Жауы бар ма жеңбеген?!
Айбаты суық арсыландай,
Көрген дұшпан қалмайды
Жанынан күдер үзбеген /2,24 б./–

деген жыр жолдарынан Жанқожаның батырлық келбеті өрілген. Дастанның соңғы тұсы Сыр бойына орыстардың келуіне Жанқожаның патша бекіністеріне қарсы көтерілісі, оның қазақтардың қолынан қаза табуына арналады. Ал жырдағы:

Қаһарлы қара найзамен
Кәуірді талай түйреткен.
Орыстар соққан қамалға
Баруға батыр мейіл еткен.
...Жанқожаның қорлығы
Орыстарға күнде өткен /2,44 б./–

деген өлең жолдарынан Жанқожаның батылдығы мен ерлігі ғана емес, ел мүддесі үшін алдына қойған мақсатты орындай алған қайсар да қайталанбас батыр тұлғасын көреміз.

Тарихи жыр үлгілеріндегі Қабанбай мен Доланқараның, Барақ пен Алақобектің, Шырыш пен Абылайдың, Базар мен Қарынның тілдесулері де қалмақ батырының бопсалап қорқытуынан басталып, қазақ батырының оған жауап беруіне ұласып бірінші кезекті жаудың сұрап алуымен

аяқталса, «Жанқожа батыр» жырында сөзбен емес, батырлардың сес көрсетуі қимыл іс-әрекет үстінде танылады. Айталық жырда:

Ат үстінде ойнайды
Екі жаққа бой тастап.
Аспанға балта лақтырып,
Ат бауырынан оралып,
Алады қағып, қайта ұстап
Балтаны қойып, найзамен

Ойнайды тағы ойқастап... /2,29 б./, –

деп Жанқожаның жекпе-жекке дейінгі дайындығы осылай берілсе, оның қарсылас батыры Әйімбетті «Қылышын алды, шалқақтап... Көрсетті өнер алшақтап» деп суреттейді.

Даңқты батыр жайындағы жырларда оның өзге замандастарынан ерекшелейтін бірнеше кісілік қасиеттерін көреміз. Ең алдымен Жанқожа жастайынан өте әділ, тура мінезді, ешкімнен қорықпайтын жаужүрек әрі бұқара халықтың сенімді тірегі, туған елі мен жерінің қорғаны болған кісі. Екіншіден, досқа да жауға да бірдей адал, сертке беріктігі назар аудартады.

Қорыта келгенде, бүкіл өмірін өзінің туған халқының азаттығы мен бостандығына құрбан еткен, әділдік пен шындықтың жақтаушысы болған қадірлі бабамыздың аруағын құрмет тұту үшін Жанқожа батырдың есімін мәңгі есте қалдыру мақсатта жоғарыда аталған тарихи жырларды мұқият зерттеген болатынбыз. Жанқожа батыр мен оның үзеңгілес серіктерінің қаны бекерге төгілген жоқ. Олар тәуелсіздік таңын жақындатуға қомақты үлес қосты. Сондықтан да Жанқожа батырдың осы тарихи тұлғасы бедерленген тарихи жырлардағы бейнесін барынша аршып көрсетуге талпындық. Биыл батырдың туғанына 240 жыл толғалы отыр. Осы айтулы шараға байланысты еліміздің барлық өңірлерінде батырды ұлықтауға арналған іс-шаралардың ұйымдастырылуы орынды.

Тарихта ерлігімен, ел бірлігін сақтаған бітімгершілігімен халыққа қамқор бола білген Жанқожа сынды батырларымыз өте көп. Алайда, бұл мәселеге журналисттік көз қараспен қарасақ, көптеген ұсыныстар мен түйіткілді мәселелердің оңтайлы шешімдері бар. Атап айтсақ:

- 1) Батырлар жайлы отандық деректі фильмдерді көптеп түсіру.
- 2) БАҚ-та батырлардың өмірін кеңінен насихаттау.
- 3) Тарихи тұлғаларымызды танытатын, батырлар жырларын аудиоға жазып, кең көлемде тарату.
- 4) Есімдері тарихта мәңгі қаларлықтай етіп, батырлар атына мектеп, университет, көше есімдерін беру ісін қолға алу.
- 5) Және соңғысы, әрі ең маңыздысы жыл сайын республика көлемінде батырлар жырын жатқа оқудан жыр мүшәйрасының өткізілуін қолға алу.

Жырларда есімдері аталған батырларды дәріптеу, тарихымызды түгендеу, әрбір қазақ азаматының міндеті. Себебі өз тарихын білмеген елдің ертеңі сенімсіз, болашағы бұлыңғыр болмақ.

Әдебиеттер

1. Мұқанов С. Қазақтың XVIII-XIX ғасырдағы әдебиеті тарихынан очерктер.-Алматы: Арыс, 2002.
2. Бабалар сөзі: Жүз томдық. 62-том.-Астана: Фолиант, 2010.
3. Молдахмет Қаназ, Самат Қалуов “ЕЛ ҚОРҒАНЫ ЕР ЖӘКЕМ” Алматы “Денсаулық” 2012
4. Қозыбаев М. Қазақстан тарихы. Бес томдық. 3-т. Алматы: Атамұра, 2010
5. Қазақ тарихи жырларының мәселелері. Алматы: Ғылым, 1979
6. Веселовский Н. Киргизский рассказ о русских завоеваниях в Туркестанском крае. Текст, перевод и приложение. С. Петербург, 1894 с. 71-82, 117-124.